«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК

«Бекетімін»
«Алматы қаласы
музейлер бірлестігі»
КМҚК директоры
Сағындықова Л.Қ.
«9» 12 2025 ж.

ҚОР САТЫП АЛУ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ

9 желтоқсан 2025 ж.

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы – директордың ғылым жөніндегі орынбасары;
Комиссия мүшелері:

- **Р.О. Турсумбекова** – бас қор сақтаушы;
- **Л.У.Абекова –** қор сақтау және есепке алу бөлімінің жетекшісі;
- **К.Б.Джиеналиева -** Алматы музейінің жетекшісі;
- **А.С.Хожамуратова** – көрме және бұқаралық жұмыс бөлімінің жетекшісі;
- **М.М.Нурпеисов** – ғылыми-зерттеу бөлімінің аға ғылыми қызметкері;
- **Н.Ж.Бектұрсынов –** қор сақтау және есепке алу бөлімінің реставраторы;

Комиссия хатшысы - Э.К. Онайбекова – Алматы музейінің қор сақтаушысы.

Күн тәртібі:

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК қор коллекцияларын толықтыру мақсатында сатып алынуға ұсынылған заттарды бағалау.

Р.О. Турсумбекова - Бүгінгі отырысымызда ақылы негізде тапсырылып отырған «Райымбек батыр» музей кешенінің алдағы жылы ашылуына байланысты қор коллекциясын толықтыру мақсатында алынатын материалдарды саралап, мәдени, экспозициялық құндылығын зерделей отырып, бағасын талқылауға саламыз. Өткізілген заттарға рәсімделген сараптау комиссиясының қорытындысы мен арнайы компания ұсынған бағалау құнын қарап, ондағы заттардың сипаттамасы және жалпы жай-күйімен танысып отырыңыздар. Аталған заттарды мұқият қарап, өз пікірлеріңізді ортаға салуларыңыз сұралады.

І.ТЫҢДАЛДЫ:

Р.О. Турсумбекова – Сіздердің назарларыңызға музейлік заттарды ЖК «OF GALLERY» атынан Фролова Оксана Александровна ұсынып отырған заттары үшін келесі соманы сұрап отыр:

№	Бұйымның атауы	Саны (с.б.)	Сомасы (теңге)
1.	**Ұста көрігі.** XX ғ. басы. Қазақстан аймағы.	1	630 000
2.	**«Кулахуд» болат дулығасы.** Иран, Орталық Азия өңірі, шамамен XVIII-XIX ғғ. арасы.	1	3 600 000
3.	**Найза ұшы.**	1	243 000

4.	**Кіреуке сауыт.** XVIII ғ.	1	7 650 000
5.	**Ту басы (алама).**	1	1 620 000
6.	**Қалқан (дхал).**	1	765 000

Барлығы: 6 атаулы бұйым (6 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **14 508 000(он төрт миллион бес жүз сегіз мың) теңгені** құрайды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Р.Қайратұлы: Райымбек батыр мавзолейі жалпыұлттық маңызы бар нысан болып табылатыны және Қазақстанның киелі орындары картасына енгізілгендігі бәрімізге мәлім. Жыл соңына дейін «Райымбек батыр» музей кешені ғимаратының құрылысы және абаттандыру бойынша негізгі жұмыстары аяқталады. Құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталғаннан кейін кешенді музейлендіру және батырдың өмірі мен ерлігі туралы баяндайтын заманауи экспозиция құруды жоспарлап отырмыз. Келесі жылдың қаңтар айынан бастап экспозицияны жасақтауға кірісуіміз қажет. Сондықтан музей кешенінің қор коллекциясын толықтыру мақсатында жоғарыда ұсынылып отырған материалдарды қарап, тиісті және шынайы бағасын беру керек. Менің ойымша ұсынылып отырған бұйымдар құнды, бірегей, қазіргі таңда осындай заттарды табу өте қиынға соғады. Иесінің сұрап отырған бағасынан төмендетіп алуымызға болады.

А.С.Хожамуратова: Біздің негізгі мақсатымыз тарихи мұраны сақтау және Қазақстанның ұлы қолбасшысына арналған заманауи музей кеңістігін құру деп санаймын. Комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған материалдардың біразы құнды, маңызды деп айта аламын. Қайсібірін алсақ та өте көне дулыға, көрік, кіреуке сауыт. «Райымбек батыр» музей кешенің қорын толықтырары сөзсіз, экспозицияда өз орындарын табады деп ойлаймын. Бағасымен келісемін.

М.М.Нұрпеисов: Ұсынылып отырған бұйымдар керемет, бірегей туынды, «Райымбек батыр» музей кешені үшін маңызды материалдар. Дулыға жайында өз ойымды айта отырсам. Дулыға – сарбаздардың ұрысқа кірерде киетін темір немесе басқа да берік материалдан жасалған бас киімі екені мәлім. Түркі жауынгерлері дулығасының екі жағы мен артқы етегіне темір тор тағылатын болған. Дулығалар жасалуына қарай бірнеше түрге бөлінген. Ең көне түрі көбелі дулығалар киіз, мата, теріден тігілген. Орта ғасырлардан бастап дулығалар темірден жасалды. Біздің назарымызға ұсынылып отырған дулыға шамамен XVIII-XIX ғғ. арасында Иран, Орталық Азия өңірінде жасалған. Қарап отырсақ дулығаның сыртында дәстүрлі өсімдік өрнегі басым, алтынмен шапталып жасалған, түркі халқына тән екенін аңғартады. Кейбір жерлерінде алтын жалатпасы түсе бастаған, сақталуы жақсы майыспаған, артқы торлары түгелдей сақталған, сәл кірленген. Қайта қалпына келтіруге реставраторларға беріп тазартып алса болады. Иесінің сұрап отырған бағасы орынды деп айта аламын.

Н.Ж.Бектұрсынов: Жоғарыда айтылған әріптестерімнің пікірімен мен келісемін, бұйымдардың барлығы көне, ескі, құнды. Біздің назарымызға ұсынылып отырған бұйымдардың ішінен кіреуке сауытқа тоқталып кетсем деймін.

Кіреуке сауыт – пішімі қысқа жеңді жейде түрінде жасалып, дөңгелек металл шығыршықтардан (сақиналардан) өрілген торлы сауыт екен. Қазақ тілінде кіреуке сөзі селдір, торлы деген мағынаны білдіретінін барлығымыз білеміз. Бұндай сауытты жасау көп еңбекті қажет етеді, бірнеше айлар бойы тоқылады. Түркі халқының сауытының ерекшелігі жағасын ішінен қайыстан немесе теріден арнайы жасаған. Орта ғасырда көшпелі халықтарда кіреуке сауыт өрімін жасау технологиясы жетілдірілуімен бұл сауыттың көптеген үлгілері пайда болды. Тамаша техникалық және қорғаныс қасиетіне байланысты кіреуке – шығыс жауынгерлерінің ең көп қолданған сауыт түрі болды. Қазақ жауынгерлері кіреукені қорғаныс жарағы ретінде XIX ғ.-ға дейін қолданып келді. Бағасына келсек, иесінің сұрап отырған бағалары нарықтағы бағаға шамалас.

Р.О. Турсумбекова: Кіреуке сауыт – нағыз қазақ жауынгерлеріне тән сауыттың түрі. Сауытты жасау технологиясының өзі өте көп уақыт пен еңбекті қажет ететін процесс. Жасау үшін қаншама металл сақиналарды қолдан жасап, оларды бір-біріне жалғау арқылы сауыт дайындалады. Бір сауттың өзіне 15 мыңнан 50 мыңға дейінгі сақиналар кетеді. Салмағы 5 кг-нан 15 кг-ға дейінгі салмақты құрайды. Сақиналар неғұрлым жиі орналасқан сайын оның қорғаныш қасиеті арта түскен. Сол себепті бұл сауыттың өзі ғана емес, жұмысы да бағалауны керек деп ойлаймын. Сонымен қатар қазіргі таңда өте сирек кездестін жәдігер түрі.

Л.У.Абекова: Біз музей қорларын толықтыру мақсатында және белгілі бір тақырыптарға байланысты материалдарды сатып алатындықтан, экспозиция құру кезінде музейге маңызы бар, құнды, болашақта ұрпағымызға халқымыздың тарихын аша алатын материалдарды алуға тырысамыз. Аталған материалдар дәл қажет кезінде ұсынылып отыр деген ойдамын және көрік жайлы айта кетсем.

Көрік – ұлттық құндылық, тарихи жәдігер. Көрік – ұста, зергерлердің құралы, түрлі металдарды балқытып, өңдеу үшін қолданатын, оттыққа жел беріп тұратын былғары, тері және ағаштан жасалатын құрал. Көріктің «қос көрік», «қол көрік», «мес көрік», «аяқ көрік» деген түрлері бар. Көріктің көлемі неғұрлым үлкен болса, оның көмейінен оттыққа берілетін ауаның қысымы да соғұрлым жоғары болады. Ұсынылып отырған көріктің көлемі үлкен, ұзындығы 126 см, ені 80 см болып келеді. Сақталуы жақсы, үстіңгі бетіндегі қайыстарын ауыстырып, сәл тазалап жіберсе болады. Экспозицияға орналастырғанда көрікті толықтай ашып қою қажет. Иесі келіссе көріктің бағасын түсіріп алуға болады.

Н.Ж.Бектұрсынов: Көрік өте жақсы жәдігер. Көлемі де үлкен екен. Экспозицияға қоймас бұрын терісін тазалап, кейін бетіне бекіткен темірлерін алып, ағаш қағып, алғашқы қалпына келтіру керек. Жаңына ұстаның құрал-саймандарын қойып, кішігірім ұстахананы жасап қоюға әбден болады.

Р.О. Турсумбекова: Комиссия мүшелерінің пікірлері бір жерден шығып жатқан секілді. Мен де жоғарыда айтылған әріптестерімнің пікірлерімен келісемін. Керемет, құнды, бірегей бұйымдар ұсынылып отыр. Мен ерекше жасалған қалқанға тоқталып өтсем. Қалқан қорғаныс жарағы ретінде көшпелі халықтарда б.з. дейінгі І-мыңжылдықтан қолданыла бастады. Көне көшпелілер жауынгерлерінің қалқандары ағаштан, теріден, металдан жасалды. Көшпелі жауынгердің қалқаны қашанда жеңіл және шағын болды. Ұсынылып отырған қалқан жеңіл, теріден жасал,ған, дөңгелек пішінді. Қалқанның бетінде жағалай көшпелі халықтарға тән аң, жануарлар тері үстіне бояу және өрнектеу әдісі әрқылы бейнеленген. Сақтаулы да жақсы. Өрнектері айқын. Бірегей жұмыс деп атауға болады. Бағасы нарықтағы бағамен салыстырғанда орынды деп ойлаймын.

Тағы бір айта кететін жай – дулыға жайлы. Дәл осындай дулығаның түрі Ресей этнографияялық музей (РЭМ) қорында Жәңгір ханның «Кула-худ» дулығасы сақталған. Пішіні, артындағы торы, мұрын қорғағышы, бетіне түсірілген өрнектеріне дейін дәлме-дәл келген. Яғни, XVII ғасырда қазақ жерінде ханның өзі аталған дулығаны кигенінің дәлелі. Сондықтан өте сирек кездесетін жәдігерді алып қалу керек деген ойдамын. Жалпы «кула-худ» дулығалар XVI ғ. Иранда пайда болып, кейін Орталық және оңтүстік Азия, Үнді-парсы жерлеріне тарай бастаған. Ең бір ерекшелігі – дулығаның бетіне алтын оймыштау техникасымен салынған ою-өрнектер. Ғалымдардың зерттеуі бойынша бұл дулыға иран, өзбек немесе қазақ ақсүйектерінің өкілдері тарапынан жауынгерлік те, салтанатты бас киім ретінде де қолданылған болуы мүмкін делінген.

К.Б.Джиеналиева: Көшпелі халықтарды тудың, байрақтың, жалаудың ұштары әдеттте жезден, мыстан жасалған. Комиссия мүшелеріне ұсынылып отырған ту басы көміртекті, жоғары сапалы металдан, жоғарғы бөлігі от жалынына ұқсас пішінде, төменгі жағы тудың жоғарғы ұшы кіретіндей дөңгелене жасалған. Дәл ортасында шеңбер ішінде құран сүресінің 13-ші аяты араб тілінде ұсақ етіп жазылған. Сақталуы жақсы, майыспаған.

Найза – жақын қашықтықта, бетбе-бет шайқаста түйреу мақсатында қолданылатын қарудың түрі. Ерте заманнан бері әлем халықтарының көпшілігі соғыс және аң аулау

кезінде қолданған. Ұшының қырлануына қарай найза сегіз қырлы, төрт қырлы деген түрлерге бөлінген. Алдымыздағы найза ұшы XVI –XVIII ғасырларға тән, жапырақ тәрізді пішінде, беті қос жағынан аздап дөңестеніп келген, соғу әдісімен металдан жасалған. Найзаның ұшы сәл зақымдалған, кертілген. Екі бұйымға иесінің сұрап отырған бағалары аздап түсіріп сатып алайық.

Комиссия мүшелері ұсынылып отырған төмендегі заттарды төмендегідей бағамен сатып алуға келісті.

№	Бұйымның атауы	Саны (с.б.)	Сомасы (теңге)
1.	**Ұста көрігі.** XX ғ. басы. Қазақстан аймағы.	1	550 000
2.	**«Кулахуд» болат дулығасы.** Иран, Орталық Азия өңірі, шамамен XVIII-XIX ғғ. арасы.	1	3 200 000
3.	**Найза ұшы.**	1	240 000
4.	**Кіреуке сауыт.** XVIII ғ.	1	7 000 000
5.	**Ту басы (алама).**	1	1 610 000
6.	**Қалқан (дхал).**	1	700 000

Барлығы: 6 атаулы бұйым (6 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **13 300 000 (он үш миллион үш жүз мың) теңгені** құрайды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Комиссия шешімімен көпшілік дауыспен музейлік мәні бар заттардың 6 атаулы бұйым (6 сақтау бірлігі) сатып алынып, негізгі қорға қабылдансын.
2. Қорға сатып алуға ұйғарылған заттарға қатысты комиссия мүшелері белгілеген бағалар заттардың иесіне таныстырылсын.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қор сатып алу комиссиясының № 2 хаттама музейлік маңызы бар сомасы **13 300 000 (он үш миллион үш жүз мың)** теңгеге 6 атаулы бұйым (6 сақтау бірлігі) бұйым музей қорына қабылдансын.

Қолдар:

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы

Комиссия мүшелері: Р.О. Турсумбекова
Л.Л.Абекова
К.Б.Джиеналиева
А.С.Хожамұратова
М.М.Нурпеисов
Н.Ж.Бектұрсынов

Хатшы: Э.К. Онайбекова